



Ахмет ТОҚТАБАЙ,
тарих ғылымдарының
докторы:

«БІЗДІ ӘЛЕМГЕ
ТАНЫТАТЫН
ШИКІЗАТ ЕМЕС,
ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚ»

5-бет



ҚАРА
АҒАШ
ТҮБІНДЕГІ
ОҚИҒА

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№25 (3556) 4 сәуір 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕСКІРМЕЙТІН ҮКІМЕТ



Мемлекет басшысының қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» деп аталатын жолдауынан кейін елдегі саяси институттардың жаңаруын жұрт асыға күткен еді.

Онда Қ.Тоқаев: «Биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады» деген болатын. Сол себепті 30 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен Әлихан Смайылов ҚР Премьер-Министрі лауазымына қайта тағайындалған кезде біреу үмітпен, біреу күдікпен қарады. Өйткені, ел арасында жаңа үкіметтің құрамына қатысты түрлі болжам жасалған болатын. Сондықтан Президенттің 29 наурыздағы ҚР Парламенті сессиясының ашылуындағы сөзінен кейін Үкімет отырысы жаңарған құраммен өтуі мүмкін екені айтыла бастаған еді. Жұрт асыға күткен хабарлар Ақорда сайтынан бұрын ақпараттық порталдардан көрініс тапты.

Алдымен Мемлекет басшысының Жарлығымен Мұрат Нұртілеудің

Президент әкімшілігі басшысы қызметінен босатылып, Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі болып тағайындалғаны белгілі болды. 2022 жылғы 1 ақпаннан бері ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы болып қызмет атқарған оның орнына 2022 жылдың ақпанынан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы қызметін атқарған Олжас Бектенов келді. Одан кейін Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов, Премьер-Министрдің орынбасары Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің өз орнын сақтап қалғаны да мәлім болды.

Әлихан Смайыловтың жұрт арасында «Үкімет ішіндегі Үкімет» аталып кеткен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұжымына жаңа басқарма төрағасы – Нұрлан Жақыповты таныстыруы да күннің маңызды жаңалығының бірі болды. Бұл күні сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жарлығымен Ғалымжан Қойшыбаев ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Үкімет аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!



Маңғыстау облыстық сотына биыл 50 жыл толып отыр. Жарты ғасыр ішінде облыстық сотта талай буын алмасып, көптеген игі бастамалар қолға алынды. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан ұжымның жеңісті, табысты сәттері аз болған жоқ.

Киелі Маңғыстау өңірінің сот жүйесі елу жылда іргетасын бекіткен, қадамын нықтаған, мықты құрылымға айналды. Бұл аймақтағы әріптестеріміз қазақ тілінің құнарлы қанып ішіп, сот тілін қазақша сөйлетуімен барша сот саласына үлгі көрсетіп келеді. Отандық соттағы мемлекеттік тілде қаралатын істердің қомақты үлесі осы өңірдегі соттарға тиесілі десек әсте қателеспейміз. Маңғыстаулық судьялардың сот терминдерін қазақшалауда, сот актілерін мемлекеттік тілде дайындауда да көш басында тұрғаны анық.

Сонымен бірге, Маңғыстау облыстық соты медиацияны дамыту мен билер кеңесінің жұмысын жандандыруда да оқ бойы озық тұр. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңір халқының аталы сөзге тоқтап, дауларды сотқа жеткізбей медиациямен шешуде белсенді екені байқалады. Бұл жұртшылықтың ағайын арасындағы келіспеушілікті көпке созбай, ортақ келісіммен шешуге ықыласты екенін білдіреді. Сондай-ақ, мұндай жағымды көрсеткіш өңір судьяларының медиация маңызын жұртшылыққа дұрыс насихаттап, терең түсіндіре білгеніне байланысты болса керек.

Маңғыстау өңірі еліміздегі сот, заңнама, құқық қорғау саласының талай саңлақтарын дайындап, қатарға қосты. Облыстық сотта жұмысын бастап, тәжірибесін шыңдаған, шеберлігін арттырған көптеген тұлғалар бүгінде биік лауазымдарды абыроймен атқарып жүр. Елу жыл ішінде облыстық соттың төрағасы болып қызмет еткен Қ.Мамбетов, Н.Чиняев, М.Смағұлов, С.Абдуллаев, Д.Әміров, Ж.Аланов және Е.Дәулиев, Б.Әметовтердің әрқайсысы бір-бір мектеп. Сот саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан төрағалардың Маңғыстау облыстық сотын алға сүйреуде де өзіндік орны бар. Бүгінгі ұрпақ алдыңғы буынның өнегелі жолын лайықты жалғастырады деп сенеміз.

Мерейтой құтты болсын, әріптестер! Маңғыстау облыстық сотының ұжымы алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, халықтың алғысына бөлене берсін!

Тұрысбек МЫАТБЕКОВ,
Түркістан облыстық сотының
төрағасы

МЕРЕЙТОЙ

Достық үйінде Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз және Маңғыстау облыстық сотының құрылғанына 50 жыл толуына орай салтанатты жиын өткізілді.

Іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Бек Әметов, өңірдегі мемлекеттік және құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, судьялар, сот жүйесінің ардагерлері мен сот қызметкерлері қатысты. Салтанатты жиын сот тарихынан сыр шертетін фото-көрмемен басталып, арнайы түсірілген бейнеролик көрсетілді.

Іс-шарада сөз алған Нұрлан Ноғаев: «Заң аясында шешім қабылдау – әр судьяның міндеті. Ең бастысы әділдік, әділ шешім», – деп қатысушыларды Маңғыстау облыстық сотының 50 жылдық мерейтойымен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі.

Одан әрі Бек Әметов Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1973 жылғы 23 наурыздағы Жарлығымен құрылған Маңғыстау облыстық сотының тарихына және нақты мақсатпен

жүргізілген жүйелі реформаның негізінде қол жеткен жетістіктерге тоқталып, өңір соттарының жандануына, ілгерілеуіне өлшеусіз үлес қосқан сот жүйесі ардагерлерінің есімін атап өтті.

Сондай-ақ, Бек Әметов «Маңғыстау облыстық сотының құрамында 5 аудандық сот, 3 қалалық сот, Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі соты, тергеу соты, экономикалық сот, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соты, қылмыстық істер жөніндегі соты жұмыс жасайды. 2021 жылы Маңғыстау облысының мамандандырылған әкімшілік соты ашылып, жария-құқықтық қатынастардан



дегі соты, қылмыстық істер жөніндегі соты жұмыс жасайды. 2021 жылы Маңғыстау облысының мамандандырылған әкімшілік соты ашылып, жария-құқықтық қатынастардан

туындайтын дауларды, яғни, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы дауларды қарауда. Қазіргі таңда мұнда 70-ке жуық судья, 207 маман мен қызметкер жұмыс істейді. «Бір жағадан бас, бір жезмен қол шығарып» ауызбіршілікте қолға алған әрбір ісіміз абыройлы, бастамаларымыз берекелі болсын», – деді.

Іс-шара барысында сот жүйесінің ардагерлері құттықтау сөз сөйлеп, қызметтегі естеліктерімен бөлісті. Салтанатты жиын барысында Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Гүлжар Бақытжанова «Жақсы адамдарым» әнін әуелетсе, Маңғыстау облыстық сотының судьялары Нұрсапа Примашев, Руслан Қабиев және сот қызметкерлері Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен көрерменге шашу шашты.

Одан әрі сот қызметкерлері саналы ғұмырының сарқылмас бөлігін сот жүйесінің дамуына арнап, ұзақ уақыт бойы осы салада үздіксіз еңбек еткен ардагер Итемген Орынбайұлы туралы «Әділет жолында» атты көріністі сахналады.

Маңызды жиын соңында өңір соттарының судьялары, сот қызметкерлері кішкентай бұлдіршіндермен қосылып «Мен қазақпын» әнін шырқады.

Маңғыстау облыстық
сотының баспасөз қызметі

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьялыққа кандидаттардың тағылымдамадан өтуі үшін бос орындарды бөлу туралы хабарлайды:

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – 3 орын
Алматы қаласы бойынша – 7 орын
Шымкент қаласы бойынша – 3 орын
Ақмола облысы бойынша – 3 орын
Ақтөбе облысы бойынша – 2 орын
Алматы облысы бойынша – 2 орын
Атырау облысы бойынша – 3 орын
Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 3 орын
Жамбыл облысы бойынша – 2 орын
Батыс Қазақстан облысы бойынша – 4 орын
Қарағанды облысы бойынша – 2 орын
Қостанай облысы бойынша – 3 орын
Қызылорда облысы бойынша – 4 орын
Маңғыстау облысы бойынша – 3 орын
Павлодар облысы бойынша – 4 орын
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 4 орын

Түркістан облысы бойынша – 2 орын
Абай облысы бойынша – 2 орын
Жетісу облысы бойынша – 2 орын
Ұлытау облысы бойынша – 3 орын
«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабының 2-4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін азаматтар тағылымдамаға жіберіледі.

Тағылымдамадан өту судья лауазымына кандидаттың тұратын жері бойынша тіркелген облыс, астана және республикалық маңызы бар қалалар аумағындағы жергілікті соттарда жүзеге асырылады. Тұрғылықты жері бойынша тағылымдамадан өту үшін бос орындар болмаған жағдайда, кандидат басқа облыс, астана және республикалық маңызы бар қалаларда бос орындар болған кезде тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен Тағылымдамадан өтуге адамдарды іріктеу жөніндегі комиссияға жүгінуге құқылы.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамдар Комиссияға тағылымдамадан өтуге рұқсат беру туралы өтінішпен хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жүгінеді.

Өтінішке мынадай құжаттар:

1) Фотосуреті бар кадрларды есепке алу

бойынша жеке парақ;
2) өмірбаян (өз қолымен жазылады);
3) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
4) жоғары заңгерлік білімі туралы дипломының және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмелері;
5) біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын құжаттың көшірмесі;
6) соңғы жұмыс орнынан алынған бірінші басшы не оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған, ұйымның мөрімен бекітілген қызметтік мінездеме;

7) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама № 075 нысан), сондай-ақ, заңнамалық тұрғыда белгіленген тәртіпте берілген психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерде есепке тұрмағаны туралы анықтамалар;
8) жеке куәліктің көшірмесі.

Барлық ұсынылған құжаттарда қол қойылуы және жасалған немесе бекітілген күні, қажет болған жағдайда – шығыс нөмірі мен күні болуы тиіс.

Медициналық анықтама берілген немесе жасалған күнінен бастап бір жыл ішінде жарамды.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамдар Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігіне құжаттарды Астана қаласы, Қонаев көшесі, 39-үй мекенжайы бойынша қолма-қол немесе пошта не электрондық түрде 707-0064@sud.kz поштасы арқылы ұсынады.

Құжаттарды электронды түрде электронды мекенжайға жолдаған кезде, олардың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелері құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынылуы қажет. Ұсынылмаған жағдайда, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы құжаттар Комиссиямен қаралмайтын болады.

Анықтама үшін телефондар:

8 (7172) 71-00-64.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты



ОТБАСЫН САҚТАП ҚАЛУ МАҢЫЗДЫ

Алматы қаласы Алатау аудандық сотында да неке бұзуға қатысты арыз-шағымдар саны жыл өткен сайын көбейіп барады. Арыз-данушылардың айтар үждері, себептері ұқсас. Ерлі-зайыптылар көбінесе тұрмыстық жағдайдың төмендігіне төзбегендіктен, жұмыссыздық, қызғаныш, өзара түсінбеушілік шаршатқандықтан ажырасуға бел буғандарын алға тартып жатады. Мінездерінің үйленгенін, жары көзіне шөп салғанын, күйеуінің араққа немесе нашаға үйір болғанын, сондай-ақ, құмар ойындарға кіріп қарызға батқанын басты себеп ретінде көрсететіндер де бар.

Арыз сотқа түскеннен кейін сот ерлі-зайыптылардың бірден талабын қанағаттандырып, некені бұзуға шешім қабылдамайтыны белгілі. Себебі, әрбір отбасын сақтау ерлі-зайыптылардың өзі үшін ғана емес, мемлекет үшін маңызды қадам. Мемлекеттің мықты болуы ең алдымен отбасындағы тыныштық пен татулыққа байланысты. Ал ажырасу тек бір шаңырақты шайқалтып қоймай, ондағы балалардың болашағына айтарлықтай әсерін тигізеді. Соған орай сот ажырасуға бел буып келген ерлі-зайыптыларды ақылға шақыруға, татуластыруға күш салады. Некені бұзудың салдарын барынша түсіндіруге тырысады. Ашумен арыз жазғандардың дауын ақылмен шешуге басымдық береді. Сот тарапынан жасалған бұл шаралардан нәтиже шығарып, отбасын сақтап қалғандар да аз емес. Сөзге де, ақылға да көнбей, екі жаққа кеткен тараптар да баршылық.

Осыған қарап біздің елімізде некеге отыру, отбасын құру мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды насихаттау маңызды деп ойлаймын. Бізде мысалы әлеуметтік желіде танысып, табысып жатқан жастар көп. Бір-бірін монитордың ар жағында білетін адамдар қандай жұп құруы мүмкін? Ең қызығы, осы күні ата-ана, туыстардың өзі жастардың жар таңдауына немқұрайды қарайтын боп барады. Баласының қандай киім алатынына, қандай мамандық таңдайтынына, кімдермен араласатынына үнемі көңіл

бөліп, назар аударып жүретін ата-ана жар таңдауда мәселеден сырт қалады. Бұл дұрыс емес. Баласының болашағын ойлаған жандар оның өз тағдырын кіммен байланыстыратынына көңіл бөліп қана қоймай, жастардың тіл табысып, жарасымды шаңырақ болып кетуіне атсалысқандары жөн. Үлкендер ерлі-зайыптылардың кемшілігін теріп, арасын алшақтатуды емес, жақсылығын айтып, жарастыруды ойлағанда ғана еліміздегі ажырасу фактілері азаяры ақиқат.

Сонымен бірге, біздің еліміздегі некені кию, некені тіркеу қызметтері де жастарға отбасылық өмірдің жауаптылығын түсіндіретін, ажырасудың себеп-салдарын көрсететін арнайы дәрістер оқып, жол көрсеткендері абзал. Күміс той, алтын той, гауһар тойға жеткен ата-апаларды шақырып, солардың бақытты да баянды тірлігінен ақпарат берудің де некені сақтауда маңызы зор. Кейбір өңірлерде азаматтық қоғам өкілдері мен қоғам белсенділерінің, яғни қорғаншылық және қамқоршылық органдары, медиаторлар мен билер кеңесінің қатысуымен отбасылық кеңестер құрылған. Оның қызметі – азаматтар өз қалауы бойынша ажырасуға жүгінген жағдайда, тараптардың заңдағы құқықтарын сақтай отырып, неке бұзудағы себептерді анықтау және дауды сотқа дейін жеткізбеу. Бұл кеңестердің де ажырасуды азайтуда, жастарға ой салуда ықпалы зор. Сондықтан алдағы уақытта мұндай кеңестерді барлық өңірлерде құрудан ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Кейбір елдерде ажырасуға арыз жазғандарға қомақты салық салынады. Осы арқылы ерлі-зайыптыларды ақылға келуге әрекет жасалады. Алайда, мұндай қаржылық ауыртпалық некені берік етуден бұрын отбасының материалдық жағдайының төмендеуіне ықпал ететіні де талассыз. Сондықтан, ажырасудың алдын алуға қам жасап, мәселені бейбіт шешуге талаптанған пайдалы.

Ғалым БЕКБАТЫР,
Алатау аудандық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КОНФЕРЕНЦИЯ

АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ АТАСЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Профессор Юрий Григорьевич Басиннің ғылыми мұрасы және азаматтық құқықты дамыту» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Юрий Григорьевич 1923 жылы 28 наурызда Украинаның Артемовск қаласында (қазіргі Бахмут қаласы) дүниеге келді, онда мектепті бітіріп, неміс – фашистік әскерлер Кеңес одағының аумағына басып кіргенге дейін өмір сүрді. Ұлы Отан соғысы жылдарында ол Қызыл (Кеңестік) Армия құрамында батылдықпен шайқасты. 1946 жылдан бастап, демобилизациядан кейін Юрий Григорьевичтің бүкіл өмірі Қазақстанмен тығыз байланысты болды.

Ю.Г. Басин Қазақстанның

Жоғары заң мектебінде жарты ғасыр қызмет етті, оның ішінде ол Киров атындағы ҚазМУ-да, қазіргі Қазақ Ұлттық университетінде қырық жыл жұмыс істеді, азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң факультетінің деканы, азаматтық құқық кафедрасының меңгерушісі болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Юрий Григорьевич құқықтық ғылымның қалыптасуына, отандық заң шығарушылыққа, еліміздің тәуелсіз құқықтық жүйесін құруға баға жетпес үлес қосты.

Юрий Григорьевич ҚазКСР Азаматтық кодексінің (1963 ж.), ҚазКСР Неке және отбасы туралы кодексінің (1969 ж.), ҚазКСР тұрғын үй кодексінің (1983ж.), Жалпыодақтық меншік туралы заң жобаларының (1990 ж.) және КСР және Республикалар Одағының азаматтық заңнама негіздерінің (1991ж.) жобаларын әзірлеуге қатысты. Ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясының (1995 жылы қабылданған), сондай-ақ, 40-тан астам заң жобалары авторларының бірі болып табылады, олардың көпшілігі 1992–1998 жылдар аралығында заң күші бар ҚР Президентінің заңдары немесе жарлықтары ретінде қабылданған.

Профессор Юрий Басинге құрмет көрсету мақсатында аталмыш шара әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, профессор Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен қолға алынды. Шараға жиналған қонақтар профессор Ю.Басин туралы естеліктерімен, оның азаматтық құқық ғылымына және заң кадрларын даярлауға қосқан үлесі туралы тағылымды пікірлерін ортаға салды.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Әкімшілік әділет институтының тәжірибеге енгізілгеніне екі жылға жуық уақыт болды. Жаңа соттардың осы аралықта атқарған жұмысына қарап бұл бастаманың мемлекеттік қызмет сапасын көтеруге, жария-құқықтық дауларды жедел әрі тиімді шешуге, азаматтардың өз құқығын қорғау мүмкіндігін кеңейтуге көмектескеніне көз жеткізуге болады.

СЕНІМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ ОРЫНДА

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қатысты, әкімшілік соттар құрылғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаларға мемлекеттік органдармен дауласудың қаншалықты қиын болғанын айту артық. Әкімшілік әділет жылдар бойы сіресіп өзгермеген осы жүйеге бетбұрыс алып келді. Нәтижесінде мемлекеттік құрылымдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) дауласқан жеке және заңды тұлғалардың жартысынан астамы жеңіске жетуде. Бұл халықтың өз құқығын қорғауға деген сенімін нығайтып, үмітін арттырады.

Азаматтар құқығын қорғаудың заңдық негізі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексында жан-жақты қарастырылған. Құжаттың 13-бабында «Сенім құқығын қорғау» қағидаттары белгіленген. Осы баптың 1-бөлігінде дәйектелгендей, «Әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан Республикасының заңдарында қорғалады». Мұндағы 2-бөлімде «Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі» деп бекітіліп отыр. Мұның өзге сенім құқығын қорғау қағидатымен бәтес. Осы баптың 4-бөлігінде «Сенім құқығы заңсыз әрекеттер жасауға (әрекетсіздік танытуға) негіз бола алмайды. Құқықтық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі элементтерінің бірі сенімді қорғау қағидаты болып табылады» деп пы-

сықталған. Бұл баптың негізгі мәні азаматтың қоғамдағы құқық сенімімен тамырлас. Сенім құқығын қорғау қағидаты – қабылданған әкімшілік актінің заңды және дәйекті болып табылатындығының, ал мемлекеттік органның қателігі, егер тікелей кінәсі болмаса, адамға зиян келтірмейтіндігінің кепілі. Сенім құқығын қорғау қағидаты Әкімшілік органның шешімімен құқықтары бұзылған адам бұл шешімнің өзгеруінен, жойылуынан зардап шекпей керек, өйткені, бастапқы шешім адамға белгілі бір қолайлы құқықтық салдарға сенуге мүмкіндік берді.

Әкімшілік әділет табысты жұмыс істеп келе жатқан Еуропалық ынтымақтастық және достық ұйымына кіретін мемлекеттерде сенім құқығын қорғау қағидаты бұрыннан бар. Осы тұрғыдан алғанда, сенім құқығын қорғау азаматтарды шенеуніктің дұрыс қарамауынан, шенеуніктің қателігінен қорғауға кепіл. Ең бастысы, сенім құқығы – бұл азаматтың болашақта, мысалы, лауазымды адамдар ауысқан кезде кез келген қолайлы актінің күші жойылмайтынына деген сенімі. Сондықтан жаңа кодекске жаңаша леп енгізе отырып, ең алдымен әрбір азаматтың өзіне, болашағына деген сенімін нығайту үшін сенім құқығын қорғау қағидатын жіті бақылауда ұстаған абзал.

Арай ЖАНАДИЛОВА,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

КОДЕКС СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРДЫ

2021 жылы шілде айында қолданысқа енген ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 12 қағидатты қамтыған. Олардың көмегімен жеке тұлғалардың немесе бизнес субъектілерінің жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін жүзеге асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделер теңгеріміне қол жеткізу және жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту сияқты міндеттер орындалатын болады.

Әкімшілік қалау – бұл әкімшілік органның заңнамада немесе шектерде мүмкін болатын балама шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі. Осылайша, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектерінің принципі – лауазымды адам әкімшілік актіні тек өз өкілеттіктері шегінде қабылдауға міндетті. Мысалы, берілген өтінішті қарайды және құжаттарды тексеру кезінде ол қолайлы әкімшілік акті немесе ауыртпалық түсіретін акт қабылдауға құқылы.

Мөлшерлестік қағидаты – мемлекеттік органды әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушының және қоғамның мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етуге міндеттейді, бұл ретте мемлекеттік органның мұндай әрекеттері жарамды, қажетті және пропорционалды болуға тиіс.

Мысалы, сотта «А» жай серіктестік пен аудан әкімі арасында, соңғының жаңа қоқыс контейнер алаңын салу жөніндегі шешімінің заңдылығын тексеру туралы дау қаралды. Осы талапты қоя отырып, дау иесі оны төмендегідей негіздеді.

2022 жылы сәуірде аудан әкімі талап қоюшының көршілес орналасқан аумақта тұрғындармен көшпелі жиын өткізіп, осы жерде орналасқан қоқыс алаңы мөлшерін ұлғайту туралы шешім қабылдады. Қосымша қоқыс жинауға арналған алаң, талап қоюшының шарбағына жақын орналастыру жоспарлаған. Аталған шешіммен талап қоюшы санитарлық, өртке қарсы және газ-электр қорғау нормаларына қарсы болу себепті келіспей, сотқа дау айтылды.

Сот бұл істі қарау кезінде талап қоюшы өзінен басқа, даулы учаскеде 5 көппәтерлі үй бар екенін анықтады. Екі үйдің арасында қоқыс контейнер алаңын (16 контейнерден тұратын) орнату нәтижесінде қоқыстың үнемі жиналуы және экологиялық нормалардың бұзылуы пайда болды. Коммуналдық қалдықтардың жиналу нормаларын есептеуді, сондай-ақ, көшпелі отырыс барысында белгіленген фактіні ескере отырып, осы аулаңы тұрғындары үшін 16 контейнер орнату жеткіліксіз екені анықталды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған үйлердің ауласы барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, қоқыс алаңын орналастыруға мүмкіндік бермейтіні анықталды. Осыған байланысты, аудан әкімімен жаңа қоқыс алаңын салу арқылы тұрғын үйден қоқысты шығару мәселесін шешу ұсынылды. Өйткені бұл аудан антисанитариялық жағдайда

және қатты тұрмыстық қалдықтардың жиналуына байланысты жұқпалы аурулардың өршу қаупі бар.

Айта кету керек, жауапкер алаңды орнату туралы шешімді газ құбырының, сорғы станциясының иелерімен келіскен, бұл туралы тиісті акт жасалған. Осыған байланысты жауапкердің әрекеттері пропорционалдылық принципіне сәйкестігі тексерілді.

Соттың пікірінше, жауапкердің қоқыс алаңын салу туралы шешімі қолайлы, қажетті және пропорционалды болып табылады, әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Сот даулы жатқан акт жарамды, қажетті және пропорционалды деген тұжырымға келді, өйткені ол ӘРПК-нің 5-бабында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін қолайлы, талап қоюшының құқықтарын шектемейді және жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделер теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған, сондай-ақ газ құбырын қорғау аймағының нормаларына сәйкес келмегеніне қарамастан соттың пікірінше, бұл қосымша қоқыс алаңы болмауынан, көрші үй тұрғындарының және арыз иесінің өзіне үлкен зиян келтіру қаупі бар, бұл өз кезегінде қоршаған ортаға қайтымсыз әсер етуі мүмкін. Осылайша, сот талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзуына жол берілмейді деген қорытындыға келді, сондықтан талапты қанағаттандырудан бас тартылды (Сот шешімі заңды күшіне еңген жоқ).

Судьяның әкімшілік істің нақты және заңды талаптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша алдын ала құқықтық пікір білдіруі осы қағидаттың бір бөлігі. Айта кету керек, біріншіден, бұл судьяның құқығы, екіншіден, судья қаралатын істің нақты, заңды талаптарымен байланысты қандай да бір құқықтық негіздемелер бойынша осындай пікір айта алады.

Кодексті қабылдау мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, жариялық-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға оң септігін тигізетініне күмән жоқ.

А.ЖАМИЕВ,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

МІНДЕТ ПЕН МЕЖЕ

Тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында мемлекет тарапынан нормативтік құқықтық актілер, оны кешенді іске асыруға бағытталған бағдарламалар қабылданып, түрлі іс-шаралар атқарылуда. Ол мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, тіл мәдениетін одан әрі арттыру үшін жасалған қадамдар екені шүбәсіз.

Қолданыстағы мұндай құжаттардың бірі – 2019 жылы 31 желтоқсанда бекітілген «Тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Бағдарламаның мақсаты қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, жаңа латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға, сондай-ақ, Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу.

Нәтижесінде қазақ тілінің ұлттық, мемлекеттік және этносаралық коммуникация тілі ретінде толыққанды қолданылуын қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі жүзеге асырылады деп күтілуде.

Ал енді қазақ тілінің сот жүісіндегі ахуалына келетін болсақ, сотта қазақ тілінде қаралатын істердің саны әлі де болса айтарлықтай жоғары деңгейде емес. Мысалы, 2022 жылы әкімшілік сотқа мемлекеттік тілде түскен әкімшілік талаптардың көрсеткіші 13,2 пайызды құрап

отыр. Әрине, сот билігі – биліктің бір тармағы ретінде мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Дегенмен, процестік заңнама талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап қою берілген тілде іске асырылады.

Сот саласында сот ісін жүргізу тілін белгілеу тәртібі Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында нақты көрсетілген. Сондай-ақ, сот практикасынан азаматтық іс бойынша құқықтық көмек беретін адвокаттар мен заңгерлер талап арыздарды көбіне орыс тілінде әзірлейтін байқалады. Сотқа келген азаматтардың сот процесі кезінде орыс тілінде ойын еркін жеткізе алмай арызды берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады деп көрсетілген. Заңның бұл талабы талап қоюшыға түсіндірілсе де, көп жағдайда азаматтар өздерінің бұл құқықтарын қолданбайды. Сондықтан, кәсіби құқықтық көмек көрсетуші заңгерлер сотқа берілетін арызды талап қоюшының өзі жетік меңгерген тілде әзірлесе деген тілек бар. Себебі, жоғарыда атап өткендей, арыз берілген тілде істі қарау соттың міндеті болып табылады.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге арналған шаралар жүйелі түрде іске асырылуда: заңгерлер мен адвокаттар, әділет органдарымен бірлесіп ауқымды шаралар ұйымдастырып, сотқа



А.АБИЛГАЗИНА,
Ақтөбе облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

талаптың мемлекеттік тілде әзірленуіне аса мән беру қажеттігі айтылды.

Қазақ тілін білу – әр қазақстандықтың парызы, өйткені тілге деген құрмет – сол елдің халқына көрсетілген құрмет. Сонымен қатар, кәсіпорындарда, орта және жоғары оқу орындарында дәрістер оқылып, мемлекеттік тіл туралы заңнама талаптары түсіндіріледі. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да тіл мәртебесін биіктету туралы насихат жұмыстары үнемі жүргізіледі. Ол үшін алдымен өзіміздің ана тілімізге деген құрметіміз әрқашан жоғары болуы тиіс. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген ақын сөзінің өзектілігі күннен күнге артып келеді.

Әкімшілік жауапкершілік қылмыстық, тәртіптік, азаматтық жауапкершіліктермен қатар құқықтық жауапкершіліктің бір түрі болып табылады. Олар өзіне қатысты өндіріс жүргізіліп отырған тұлғаға қатысты жауапкершіліктің негізін, түрін, сонымен қатар істі қарау тәртібін және оның орындауын анықтайды.

ӘКІМШІЛІК ЖАЗАДАН КІМДЕР БОСАТЫЛАДЫ?



Гульзия ХАМИТОВА,
Май аудандық сотының судьясы

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаны әкімшілік жауапкершіліктен босату негізі, шарты және салдары бекітілді.

ӘҚБтК-нің 62-бабына сәйкес, онда көзделген жағдайлардан басқа кезде, тұлға әкімшілік құқықбұзушылық жасаған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Аталған бапта басқа да мерзімдер көрсетілген, осы мерзімдердің өтуіне байланысты әкімшілік жауапкершілікке тартылып отырған тұлға жауапкершіліктен босатуға жатады.

Егер құқық бұзушының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, тұлға оны тоқтату туралы шешім келіп түскен күннен бастап үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Осыған байланысты сотқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер түскенде, судья 62-бапта көрсетілген мерзімдердің өткен өтпегендігін тексеруге міндетті.

Егер әкімшілік жауапкершілікке тарту мерзімі өткен болса, 741-баптың 1-бөлігі 5-тармағына сәйкес, әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша өндіріс қысқартылуға жатады.

63-бапқа сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан немесе қолданылған әкімшілік жазадан рақымшылық жасау актісі негізінде, егер көрсетілген акт әкімшілік жаза қолдануды жоятын болса, босатылуы мүмкін. Рақымшылық жасау туралы актіні Республика Парламенті жекелей анықталмаған адамдар тобына қатысты шығарады.

64-бапта татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. 73, 73-1, 73-2, 73-3, 79 (бірінші бөлігінде), 146, 185, 186, 190 (бесінші және алтыншы

бөліктерінде), 220, 229 (екінші бөлігінде)-баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғамен татуласқаннан кейін тоқтатылуға жатады.

1-1. Егер осы кодекстің 73, 73-1, 73-2 және 73-3-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірген зиянын жуып-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлға қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады.

64-1-бапта құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауаптылықтан босату көзделген.

Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген судья, орган (лауазымды адам) ауызша ескертумен шектеле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ескерту. Осы бапта көрсетілген негіз бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтан босату туралы мәселе шешілген кезде – әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нақты мән-жайлары, оның ішінде құқық бұзушының жеке басы, сондай-ақ, қол-сұғушылық объектісі, ал келтірілген зиян болған кезде оның мөлшері ескеріледі.

32-баптың 1-бөлігіне сәйкес, әскери қызметшілер мен әскери жиында жүрген әскери міндетшілер, осы кодекстің 651, 652, 667, 676, 677, 680, 681-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жарғылар бойынша жауаптылықта болады. Арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тиісті органдарда қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жауаптылықта болады.

32-баптың 3-бөлігінің талаптарында мерзімді әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер мен әскери және арнайы оқу орындарының курсанттарына әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолданылмайды деп көрсетілген.

Әкімшілік жазаны қолдану құқығы берілген органдар (лауазымды адамдар) осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде аталған адамдарға әкімшілік жазалар қолданудың орнына кінәлілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға құқықбұзушылықтар туралы материалдарды беруге тиіс.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕР ТЕҢҚҰҚЫЛЫ

Гендер – қоғамның әлеуметтік ұйымына бағынышты ерлер мен әйелдер қызметінің теңдігін белгілейді. Гендерлік саясат әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет. Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін ҚР Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады. Гендерлік теңдік саясатының алға жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет. Қазіргі қоғамда бұл едәуір дамыған. Қазақстандағы гендерлік саясат ерлер мен әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қоғамдық қатынастардың барлық салаларында бірдей қорғалуына жағдай жасайды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан гендерлік саясатты жүзеге асыру жолында белгілі бір жетістіктерге жетті. Ерлер мен әйелдердің мүмкіндіктерінің теңдігін, қамтамасыз ету үшін 1998 жылы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Ұлттық комиссия өз қызмет шегінде, заң жобасын жасауда және нормативтік құқықтық актілер, стратегия, Мемлекет басшысын тыңдап, отбасылық және гендерлік теңдік заңдылықтарын бұзу фактілері бойынша тексеру мен қызметтік тергеу жүргізуді талап етуге құзыретті.

Қарлығаш СЕРІКБЕК,
Түркістан қалалық мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ахмет ТОҚТАБАЙ, тарих ғылымдарының докторы:

«БІЗДІ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАТЫН ШИКІЗАТ ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ»

– Ахмет Уәлиханұлы, жылқының 6 мың жыл бұрын алғаш рет біздің жерімізде қолға үйретілгені ХХІ ғасырда дүниежүзіне әйгілі болды. Алайда, қазақтың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі әлі де толық айтылып, жазылып, зерттеліп жатқан жоқ.

– Жылқы мәдениетін насихаттау бізде кемшін. Қазақ жылқысының тұқымы 1917 жылғы қазан революциясына дейін біршама жазылған екен. Себебі, 1877–1878 жылдардағы орыс-түрік соғысында қазақ жылқысы ерекше көзге түскен. Патшалық Ресейдің ішкі өлкелерінен келген полктардың жылқылары Дунай өзенінен өткенде қырылған да, Жайық казактарының 6 полкының бірде бір жылқысы өлмеген. Себебі, Ресей жылқылары қолда тұрып үйренген. Олардың жемшөбін әскердің арнайы бөлімі өзімен бірге алып жүреді екен. Ал қазақ жылқысының жайылып, өз қорегін өзі табуы еуропа-лықтарды қайран қалдырады. Қызыл империя тұсында қазақ жылқысы ет пен сүттің көзі ғана болды. Мәдениет деп қарастырылған жоқ. Оның тарихтағы рөлін бірінші боп мен қарастырдым.

Жылқы жайында бұрын да кітаптар болды. Бірақ олар жылқының анатомиясы, физиологиясы, экономикалық тиімділігі, шаруашылықтағы орны, еті-сүті дегендей нәрселерге арналды. Ондай кітаптарды қарапайым халық оқымайды. Тек мамандар ғана оқиды. Менің «Қазақ жылқысының тарихы» деп аталатын кітабым 50 баспа табақ. Оны 30 жыл бойы зерттеп жүргендіктен, жылқының тарихтағы орнын қамтуға тырыстым. Жылқы деген өзі қазақтың жаны, ұлттық коды ғой.

– Қазақ жылқысы қазақтың ұлттық коды екенін өзіңіз секілді ғалымдар ғана айтып жүр. Қарапайым халықтың көп нәрсені білмейтінін неліктен?

– Кеңес үкіметі 2,5 млн халқымызды ғана емес, жылқымызды да аяусыз қырып-жойды. Соның нәтижесінде 1928 жылы республикадағы 4,5 миллион жылқының



1939 жылы 300 мыңы ғана қалған. Жанынан да, малынан да айырылған халқымыз бұл апаттан кейін өзінің бірталай рухани және материалдық байлығынан еріксіз ажырап қалды.

Мен жылқы мәдениетін 30 жылдан бері зерттеп келе жатырмын. Осы уақытта қазақтар тұратын шет елдердің бәрін аралап, бірталай мәлімет жинадым. Соның ішінде жылқының түсіне байланысты 380-нен астам, жылқы сынына қатысты 200-ге жуық және жылқы әбзелдерімен байланысты 100-ге жуық сөз бар. Бұл біздегі сөз байлығының бір көрінісі. Дүниежүзінде бірде бір халықтың жылқыға байланысты осындай бай сөздік қоры жоқ. Мұның бәрі біздің мәдениетіміздің жоғары екенін көрсетеді. Мәселен, қазір Такиши деген жапон ғалымы менімен байланыс жасап, қазақ пен жапон тілдеріндегі жылқы түсіне байланысты сөздерді салыстырып, ғылыми баяндама дайындауда. Біз бұрын бұл мәселені қолға алмағанбыз.

– Бұл бағыттағы жұмысқа сіздің «Қазақ жылқысының тарихы» деп аталатын энциклопедиялық еңбегіңіз өз ықпалын тигізетін шығар?

– «Конный мир казахов» деген бұл кітабын орыс тілінде былтыр шыққан. Оған бас редактор болған академик Мәмбет Қойгелді орысшасы қазақшасынан анағұрлым бай шығыпты деп баға берді.

«Қазақ жылқысының тарихы» 2010 жылы шыққан болатын. Одан бері қаншама шет елде болдым. Көптеген жаңа материалдар жиналды. Бұл жолы ғылыми еңбекті Қазақстан суретшілер одағы мен Т.Жүргенов атындағы өнер академиясымен байланыс жасап, олардың жылқыға қатысты, жылқының образын бейнелеген туындыларымен ұлттық нақышта безендіріп шығардық. 200 млн оқырманы бар орыс тілді аудиторияның ерекшелігіне сай қазақша нұсқасындағы эмоцияның бәрін алып тастап, таза ғылыми еңбек жасадық.

– Аудармашымен жұмыс жасау қиын болған жоқ па?

– Алдымен 2 аудармашымен жұмыс істедім. Олардың жұмысына қанағаттанбаған соң келісімді бұзып, «Алматы кітап» баспасына өтініш жасағам. Олар киноцензурист, жазушы Раушан Байғожаева деген маман аудармашыны тауып берді. Сол кісінің өзімен 3 жыл жұмыс істедім. Себебі, жылқы терминдерін, жылқыға байланысты сөз иірімдері, фразеологизмдерді аударған кезде мықты аудармашының өзі кейде аудармасын дәл келтіре алмайды екен. Оның бер жағында дизайнерлермен, суретшілермен жұмыс істеп, «Алматы кітап» баспасының тапсырмасы бойынша бұл ғылыми еңбек Түркияның Стамбул қаласының баспаханасынан шықты. Онда 600-ден астам әлеміет пайдаланылды. Одан бөлек еліміздің барлық аймағынан

атбегілер, жылқышылар, қазақтың көнекөз қариялары мен кейуаналарынан басқа, Моңғолия, Қытай, Ресей, Түрікменстандағы 400-дей ақпарат көзінен жиналған мәліметтер қосылды. «Қазақ жылқысының тарихы» 7 мың данамен шығып, халық арасына тез тарап кеткен еді. Оны іздеп жүргендер әлі де бар.

– Кітапты орыс тілінде шығарудағы мақсатыңыз не?

– Ең алдымен қазақ жылқысы тарихын, қазақ жылқы мәдениетін басқа елдерге насихаттау, білдіру мақсатын көздедім. Академик, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдінің «орыс тілі Еуропа тілдеріне аударуға баспадақ болады» деуі сондықтан. Себебі қазақшадан тікелей ағылшынша не французша аударуға алмадық. Мамандар жоқ екен. Қазіргі таңда орыс тіліндегі аударма неғұрлым жақсы болса, басқа тілдердегі аударманың сапасы соғұрлым жақсы болатынын түсіндім. «Қазақ жылқысының тарихына» шет елдерден де жақсы пікір көп келді. Мысалы, Англиядағы Кембридж университетінде Әлемдегі жылқы шаруашылығының пайда болуы, дамуы және таралуы деген зертхана бар екен. Сол жерден Наталья Бивова деген профессор келіп кетті. Ағылшындар да жылқы десе ішкен асын жерге қоютын халықтың бірі ғой. Оларда 3 нәрсе ерекше бағаланады екен: жылқы, футбол, ит. Сонда түсіндім, шетелдік ғалымдар өзіне керек болса қазақ тілін де үйренеді екен ғой деп. Сол себепті келешекте «Қазақ жылқысының тарихын» ағылшын тілінде де шығару жоспарда бар.

– Қазақ жылқысын зерттеу қазір қалай жүріп жатыр?

– Әлі күнге арнайы ашылған бірде бір институт та, орталық та жоқ. Шәкірттерім ғана бар. Бірде ағылшын ғалымы «сіздерде ит жоқ па? Қазақтың иті туралы материал іздеп едім таба алмадым» деген болатын. Сол кісінің сөзімен «Қазақтың тазысы» деген кітап шығардым. Төбет жайында да зерттеу жасап жүрмін. Ол да болашақта жеке кітап болады деген ойым бар.

– Жылқытану неге мемлекеттік деңгейде қолға алынбай жатыр?

– Кітабым орыс тілінде шықты. Болашақта әлемдік 6 тілге аударсақ деген арман бар. Сонда біз қазақты бүкіл әлемге танытатын шығармыз. Бізді әлемге танытатын нәрсе тек шикізат көзі ғана емес, ғылым. Оның ішінде ұлттық құндылықтар ғой.

Жылқыға байланысты көп сөздер қазір өзге тұрмақ, өзімізде де қолданылмайды. Мен оның көпшілігін шетел қазақтарынан жинадым. Бұл ең алдымен геноцидтен. 30-жылдардағы ашаршылық этноцид, этникалық кодтан айырды. Сосын лингоцид, тілден айыру үдерісі жүрді. Мұның бәрі қы-

зыл империя жүзеге асырған саясат. Петербургте жылқы түстеріне байланысты баяндама жасағанымда бір ғалым «осы сіздерде мектепке оқытыла ма, жапондар экибана дейтін гүл дестелерін жасау өнерін мектепте оқытады, бұл неге оқытылмайды?» деді. Ол дұрыс айтып тұр. Сондықтан мектеп емес, балабақшадан оқытуға байланысты «Бес сәйгүлік» деген сияқты 1-2 кітапша жазып шығарғам. Мемлекет қолдаса алдағы уақытта тағы осындай қосымша құралдар жазу ойымда бар. Ол мен үшін қиын емес.

– Қытайда жылқышы мамандық ретінде жоғары оқу орнында оқытылады екен...

– Мемлекеттік деңгейде қолдау болмағандықтан бізде ол әлі қолға алынған жоқ. 2017 жылға дейін Қытайға жыл сайын барып жүрдім. Үрімжі университетінде қазақтың жылқы мәдениеті жайында лекция да жасадым. Көршілес бұл ел жылқытануда бізден біраз алға озып кетті. Жылқышы мамандық ретінде арнайы оқытылып қана қоймай, онда жылқыға қатысты арнайы ғылыми-зерттеу институттары мен түрлі орталықтар құрылған.

Кеңес дәуірінде бізде 1,5 млн жылқы болған. Қазір оның саны екі есе көбейді дегенге әлі сенбеймін. Жалпы шетелден жылқы әкелумен әуестенуге болмайды. Оның орнына қазақ жылқысының тұқымын жақсартудың селекциялық жұмыстарын дамытуға көңіл аудару керек. Арғымақ, қазанаттарды қалпына келтіру маңызды. Шетелден жылқы алдыру бүгінде жеңіл автокөлік әкелу сияқты нәрсе боп кетті ғой.

– Қазір дамыған елдердің бәрінде жылқы музейі бар. Оны бізде де ашуға болмай ма?

– Дұрыс айтасыз. Менің білуімше, Англия, Франция, Испания, Ресей сияқты елдердің 40 шақты елінде жылқы музейі бар. Біз енді жылқының отаны болып отырып, бүкіл әлемге жылқы мәдениетін тарту еткен халық бола тұрып арнайы музей аша алмағанымыз ұят нәрсе. Дүниежүзіндегі 65 млн жылқының 250 тұқымының бәрі қазақтың жабы жылқысынан тарайтын әлем ғалымдары мойындайды. Сондықтан Қазақстанда жылқы музейі болу керек. Ол біздің ұлттық брендмізге айналуы тиіс. Музей болғанда да жалпы жылқы музейі емес, қазақ жылқысының музейі болуы керек. Жеткен жетістігіміз үшін қазақ жылқысына қарыздармыз. Мен осы музейдің жобасын, экспозициясын, қанша залдан тұратынын, қандай жәдігерлер тұратынын жазып, дайындап қойдым.

– Осы күнге тезірек жетейік. Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕДИАЦИЯ

Ерте заманнан-ақ адамдар мәмілеге аса мән берген. Ел ішіндегі дауларды мәміле арқылы шешкен Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің есімі ғасырдан ғасырға жеткен.

МӘМІЛЕГЕ КЕЛГЕН МӘРЕГЕ ТОҚ ЖЕТЕДІ

Билердің жолын жалғастыру мақсатында қолданысқа енген «Медиация туралы» заң Шемонаиха аудандық сотында да халыққа пайдасын тигізуде. Атап айтқанда, 2023 жылдың 3 айында әкімшілік сотта 44 іс кәсіби медиаторлардың қатысуымен қаралып, аяқталған. Осы істерді қарау барысында медиаторлар күннің ыстығына, суығына, жауынға қарамастан, ешқандай ақы сұрамай, дауласып жатқан адамдармен бірге болып, оларды тыңдап, қате кеткен жерлерін көңілдеріне тимей, сипай отырып айтып, ортақ мәмілеге келтірген.

Айталық бір істе құқық бұзушы айналасындағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеп, қорлап тиісіп, кемсітіп, жұрттың тыныштығын бұзған. Бұл іс-әрекеттерде құлмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаған. Яғни, ӘҚБтК-тің 73-бабының 1-бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған. Сот мәжілісінде сұралған азамат В.Синцов өз кінәсін толық мойындап, істі қысқартумен келісетінін айтты. Ал Н.Синцова күйеуі В.Синцовты кешіргенін айтып, әкімшілік істі қысқартуын сұрады. Сот барысында В.Синцов-

тың кінәсі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, құқық бұзушының түсініктемесімен, полиция қызметкерінің баянатымен және басқа да іс материалдарымен жинақталған құжаттармен дәлелденді. Бірақ ӘҚБтК-нің 64-бабына сәйкес, осы кодекстің 10-тарауында, сондай-ақ 73-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің өтініші бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адаммен бітімгершілікке келгеннен кейін тоқтатылуға жатады. Ал арыз беруші Н.Синцова кешірім беріп, істі тоқтатуды сұраған.

Қазіргі уақытта татуласуға, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықты дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң үлкен қолдауға ие. Аталған заң өркениетті елдердегідей бейтарап медиаторды тарту арқылы істі бітімге келтіріп, заманауи құқықтық жүйенің дамуына ықпал етуі тиіс.

А.КУДАЙБЕРГЕНОВА,
Шемонаиха аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢҒА ТҮСІНДІРМЕ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабының санкциясында ұсақ бұзақылық жасаған жағдайда 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салу, не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза көзделген. 2023 жылғы 3 қаңтардағы № 187-VII заңға сай енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға орай қазіргі таңда бұл боп бойынша айыппұл мөлшері 20 АЕК-ке, әкімшілік қамақ мерзімі он бес тәулікке дейінгі мерзімге ұлғайған. Сонымен қоса, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін ұсақ бұзақылық бір жыл ішінде қайталанса, жаза мерзімі он бестен отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Бұл өзгерістер 2023 жылдың 7 наурызынан бастап қолданысқа енді.

Заң бойынша ұсақ бұзақылық – бұл

ОҢ ҚАДАМ

Судьялардың VI съезінде сот төрелігіне азаматтардың қолжетімділігін арттыру маңызды екені айтылып, сот үдерістерінің электронды тіркелімін жаппай енгізу, барлық соттарды бейнеконференция байланысымен қамтамасыз ету тапсырылды.

Бүгінгі таңда аталған тапсырмалар орындалып, сот жүйесі толығымен цифрландырылғанын мақтанышпен айтатын күнге жеттік. Себебі, бүкіл қоғам сот процестеріне қашықтан қатысуға үйде немесе кеңседе отырып, сотқа келмей-ақ, өтініш, талап қоюларын жібере алады.

Соттағы ең кең қолданылатын сервистің бірі «Сот кабинеті» болып табылады. Бүгін-

ҰСАҚ БҰЗАҚЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА АУЫРЛАДЫ

қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға зәбірлеу тиісу, ғимараттарды, өзге де құрылысжайларды, тұрғын үй-жайларды, көліктегі және өзге де қоғамдық орындардағы ортақ пайдаланылатын орындарды, мүлікті қорлау және айналандыруға сыйламаушылық білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттерден көрінеді. Мысалы, заңға енгізілген өзгерістерден кейін жасалып, сотқа қаралған Қ. Деген азаматтың әрекетінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабының 1-бөлігінің белгісі бар деп танылып, оған 69000 теңге көлемінде айыппұл салды. Іс бойынша құқық бұзушы азамат

Шалқар қаласында көшеде өз шаруасымен жүрген әйел адамға себепсіз былапыт сөйлеп, жүріні мүмкіндік бермей тиісіп, араша түсіп басу айтқан адамды тыңдамай, айналанындағыларға сыйламаушылық білдіріп, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзып ұсақ бұзақылық жасаған. Айыппұл төлеп, қамаққа алынғыңыз келмесе, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын сақтап, заңды бұзуға жол бермеген абзал.

Айгүл БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық сотының кеңсе бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

«СОТ КАБИНЕТІН» ҚОЛДАНУШЫЛАР САНЫ АРТТЫ

де аталған жүйенің шапағатын қала, ауданнан шалғайда жатқан ауыл тұрғындары да кеңінен көріп, жыл сайын жүйені қолданушылар саны артып келеді.

«Сот кабинеті» – еліміздегі сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезе. Атап айтсақ, сот органдарына арыз, өтініш, шағымдар мен өтінішхаттарды, хаттарды жіберуге арналған. Одан бөлек, сот құжаттарын және істерді іздеуге, мемлекеттік бажды онлайн түрде төлетуге, істі қарау барысын қадағалауға, «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу» мемлекеттік қызметін ішінара алуға, «Талдау»

форумына ауысуға болады. Сондай-ақ, іс бойынша сот актілерін шығарып алуға да болады. Мұнда сотқа шақыру туралы SMS-хабарламаны және қабылданған сот құжаттары туралы ақпаратты азаматтар жедел ала алады. Бұл өз кезегінде поштальық шығынға бөлінетін бюджет қаражатын қысқартып, қағазбастылықтан арылтты десек қателеспейміз. Бір айта кетерлігі, «Сот кабинеті» сервисін пайдалану үшін сот ісіне қатысушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы қажет. Сонымен қатар, «Сот кабинеті» мобильдік қосымшасы да іске қосылған. Мобильдік қосымша арқылы табылғандалған сот отырыстары туралы ақпаратты онлайн

режимде тауып, жолданған барлық құжаттарды көріп, сот құжаттарының мәртебесін бақылауға болады. Қорыта айтсақ, «Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған» мынау заманда соттағы заманауи ақпараттық технологиялар тараптардың уақыты мен жолға жұмсар шығынын үнемдеуге жол ашып, сот төрелігіне деген қолжетімділігін арттырды.

Айжамал НҰРБОЛАТҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысының кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

НАУРЫЗ АЙШЫҚТАРЫ

Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің қызметкерлері Наурыз мерекесін атап өтті. Ұлттық салт-дәстүріміздің ұлағатты көріністерін тамашалау алдында, департамент басшысы Теңізжан ЖӘНІБЕКОВ қуанышты хабарды жеткізді.

– Осы бүгін ғана қолымызға тиіп отырған мынау ерекше үлгідегі төсбелгі мен марапаттау қағазының мәні мен маңызы біздер үшін ерекше. Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2015 жылы 16 қазанда Бұрабайда ТМД мемлекеттеріндегі пенитенциарлық қызмет басшыларының кеңесі құрылғаны белгілі. Бұл кеңес ТМД мемлекеттеріндегі пенитенциарлық жүйенің хал-ахуалын бақылап отырады. Оның құзырына елдегі заңнаманы гуманизациялау, сотталғандардың әлеуметтік ахуалын жақсарту және олардың құқығын қорғау сияқты міндеттер де айқындалған. Осы Кеңестің шешімімен біздің ұжымның қызметкері, департамент басшысының бірінші орынбасары, әділет полковнигі Аслан Оразаметов марапатталып отыр. Бұл біздің ұжым-

ның жеткен жетістіктерін бағалау және Наурыз мерекесі қарсаңында бәріміз үшін де зор мәртебе, – деп, Теңізжан Нұрмаханұлы аталған Кеңестің Минскідегі штаб-пәтерінен келген төсбелгі мен марапаттау қағазын Аслан Илиясұлына табыс етті. Департамент қызметкерлерінің күшімен дайындалған «Бесікке салу», «Тұсаукесер» рәсімдері өте тартымды, жарасымды жағдайда жалғасын тапты десе де болғандай.

Ұлттық киімдер киген қыз-келіншектер мен апалар – арнайы есеп бөлімінің бас маманы, әділет подполковнигі Жанар Жақыпова мен қаржымен қамтамасыз ету бөлімінің бас есепшісі Перизат Тоқсанбаева кішкентай Аружанды бесікке салды. Ал Аружанның ата-анасы – режим және қадағалау бөлімінің аға жедел уәкілі, әділет майоры Нұрлан

Әмірбеков пен №53-мекеменің бас есепшісі Әйгерім Әмірбекова ақ кимешекті асыл апаларға алғыстарын айтып, тарту-таралғылар үлестірді. Сондай-ақ, тылдық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, әділет подполковнигі Мақсат Омаровтың ұлы Дамирдің тұсауын департамент басшысы, әділет полковнигі Теңізжан Жәнібеков кесіп, бүлдіршінге ақ жол тіледі.

Мерекелік іс-шара наурыз-көже мен арнайы дайындалған ас мәзірі кезінде департамент қызметкерлерінің өздері шырқаған ән-шауша, құмбірлеген күй мен ұлттық дәстүрді арқау еткен викториналық сұрақтарға жалғасты.

Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖД-ның баспасөз қызметі



Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Қазақстанның сыртқы тауар айналымы 134 437 619,9 мың долларды құрады. Оның 26,9 пайызы ТМД елдерімен; 36,4 пайызы Азия елдерімен; 32,3 пайызы Еуропа елдерімен; 3,6 пайызы Америка елдерімен; 0,8 пайызы Африка елдерімен, 0,1 пайызы Австралия және мұхит аймағы елдерімен жасалған. Ондағы негізгі серіктестер Ресей (19,4 %) мен Қытай (18 %) болды.

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМНІҢ 206 ЕЛІМЕН САУДА-САТТЫҚ ЖАСАДЫ



Егер сыртқы тауар айналымының құрылымына көз жүгіртсе болсақ экспорт 84 393 976,8 мың долларды, импорт 50 043 643,2 мың долларды құрады. Экспортың 18,1 пайызы ТМД елдерімен; 41,5 пайызы Еуропа елдерімен; 37,1 пайызы Азия елдерімен; 2,5 пайызы Америка елдерімен; 0,8 пайызы Африка елдерімен жасалды. Ондағы негізгі серіктестер тізімін Италия (16,4 %) мен Қытай (15,6 %) бастап тұр. Ал импортың 41,7 пайызы Еуропа елдерінің үлесі 16,9 пайызы; Азия елдерінің үлесі 35,2 пайызы; Америка елдерінің үлесі 5,5 пайызы; Африка елдерінің үлесі 0,6 пайызы; Австралия және мұхит аймағы елдерінің үлесі 0,1 пайызы құрады. Мұндағы негізгі көшбасшылар Ресей (34,7 %) мен Қытай (21,9 %) болып тұр.

Егер 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырар бол-

сақ еліміз 191 елмен 101 736 459,9 мың доллардың сауда-саттығын жасаған еді. Оның құрылымында экспорт – 60 321 024,4 мың долларды, импорт – 41 415 435,5 мың долларды құрады. Тауар айналымы бойынша негізгі серіктестер Ресей (24,2%) мен Қытай (17,7%) болды. Ал экспорттағы көшбасшылар Қытай (16,2 %) мен Италия (14,7 %), импорттағы көшбасшылар Ресей (42,5 %) мен Қытай (19,9 %) болған. Былтыр тауар айналымындағы Ресейдің үлесі 42,5-тен 19,4 пайызға, Қытайдың үлесі 19,9-дан 18 пайызға кеміді. Экспортта Қытайдың үлесі 16,2-ден 15,6 пайызға кемісе, Италияның үлесі 14,7-ден 16,4 пайызға ұлғайды. Импорттағы Ресейдің үлесі 42,5-тен 34,7 пайызға кемісе, Қытайдың үлесі 19,9-дан 21,9 пайызға ұлғайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕРЕКЕ КӨҢІЛДЕРГЕ НҰР ҚҰЙДЫ

Наурыз мейрамы Алматы қаласындағы ҚАЖ департаментінің № 13 қауіпсіздігі төмен мекемесінде де аталып өтті. Мекеме қызметкерлері ұлттық мейрамға бір кісідей атсалысты. Мекеме бастығы әділет подполковнигі Ердоғ Жекенов қызметкерлерді ұлттық мейраммен құттықтап, үздіктерді Алғыс хаттармен марапаттады. Мерекелік шара аясында қыз-келіншектер ұлттық тағам дайындаудан жарысты. Көктем мерекесінде қыздар аспаздық өнерлерін барынша ортаға салып, наурыз кө-

жеден бастап, бауырсақ, сірне даярлады. Айран, құрт, ірімшік жасап жұртшылықтың ризашылығына бөленді. Мекемеде ұзақ жылдар қызмет көрсеткен мамандар сөз сөйлеп, сотталғандардың көңіл-күйін көтерді, әртүрлі сыйлықтар үлестірді.

Гүлназ БЕЙСЕКЕНОВА,
Тылмен қамтамасыз ету бөлімшесінің инспекторы

«БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ, ТАЛАПТЫҒА БОЛСЫН КЕЗ...»

Білім қай кезеңде болсын қадірлі, құнды. Білімді адамның бәсекеде әрқашан бәсі жоғары. Әсіресе, бүгінгідей озық жетістіктерімен, ғылым мен білімнің соңғы жаңалықтарымен, қабілет-қарымның көзсіз мүмкіндіктерімен сайысқа түсетін кезеңде оқудан, үйренуден, білуден қадірлі ғажайып жоқ.

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз» – дейді дана Абай. Ендеше, білмекке, жақсыны үйренбекке ұмтылған талаптыға қай ғасыр, қай дәуірде болсын жаңа көкжиектердің ашылатыны анық. Бұл мәселеде қазақстандықтардың шығар асу, самғар биігі мен ұшақ кестісі мол. Бір ғана «Болашақ» бағдарламасы қаншама отандасымызды әлемдік аренада қанаттандырды, кәсібилікке баулып, қазақ қоғамына қажетті мықты маман жасады. Бүгінгі таңда қазақстандық білім жүйесі әлемдік жүйеде жоғары баға мен үлкен құрметке ие. Оған жыл сайын халықаралық әртүрлі байқау, конкурс, бәсекелерде жүлдегер болып жүрген тұлғалар, жас талаптар дәлел. Химия биология, математика, физика, география, жаңа технологиялар бағытында жыл сайын халықаралық жүлделерді иемденіп жатқандар көп.

Әрбір кемел елдің арманы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Біздің мемлекетіміздің басшысы да үнемі елді алға ілгерілететін ұлы күш – білімді жастар екендігін айтады. «Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек, – деді Қ.Тоқаев. Сонымен қатар, Президент жаңа биотехнологиялар мен инновациялық жаңа жобалардың әлемдік додасында Қазақстан жастарын көргісі келетінін үнемі айтып жүр.

«Қазіргі таңда IT және биотехнология бағытындағы революциялар

адамзаттың өмірін өзгертуде. Сол себепті білім беру жүйесі жаңа өмірге тез бейімделуі қажет. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативті әлеуетін дамытумен айналысады, сандық технологиялар мен нақты ғылымдарға үйретеді. Қазақстанның дамыған ел қатарына қосылуының кілті сапалы, қолжетімді және заманауи білімде» – дейді Мемлекет басшысы. Мемлекет халықты сауаттандырудың осы бағытына қазіргі таңда ерекше көңіл бөле бастады. Жаңа технология жетістіктеріне негізделген іргелі отандық ғылымды алға ілгерілету, озықтар көшіне ілесу жұмыстарын қарқынды жүргізу ісі қолға алынды. Бұл ретте, елдегі ұстаздардың кәсіби білігін көтеру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қайта мамандандыру, шеберлік біліктіліктерін дамыту қызу жүзеге асырыла бастады. Бұған қосымша соңғы жылдары елдегі бүкіл білім беру орындарында шәкірттің жеке тұлғалық бет бейнесін қалыптастыру, толыққанды кәсіби, білімді маман шығару ісі де басты жұмыстардың қатарына қосылды. Ізденуші студенттің жеке тұлғалық бағасы артқан сәтте ғана ол озық инновациялық жаңалықтар ашуға, топжаруға ұмтылады. Мұны педагогикалық тәжірибеде көп кездестіріп те жүрміз. Бүгінгі студенттің талабы мен ұмтылған биігі бөлек. Олар ешкімді қайталамауға, тыңнан түрен салуға ұмтылады. Ешкімге ұқсамау, ғылым білімге өзіндік қолтаңбамен ену амбициясын қазіргі жастардан көп кездестіреміз. Бұл қазақстандық білім беру жүйесі үшін қуанарлық жағдай. Мемлекет басшысы өзінің халыққа арнаған соңғы жолдауларының бірінде «уақыт талабы мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне қарай арнаулы орта оқу орындарын жаңғырту қажет. Тәжірибе көрсеткендей, қолданастағы колледждердің материалдық-техникалық



қайта жарақталуына басымдық беру – ресурстарды шығындайтын тәсіл. Сондықтан Үкіметке колледждерді ірі кәсіпорындар арқылы сенімді басқаруға көшіру, дуалды оқыту-дамыту, түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелеріндегі стратегиялық бағдарларды айқындай отырып, типтегі ұйымдарды дамыту ісін кешенді түрде қарауды тапсырамын» – деді. Осы ретте, арнаулы орта білім беретін колледждер кадрларды жаңа, озық білім беру методикасымен даярлауға көшті. Жаңа инновациялық ізденістер мен халықаралық рейтингте үздік деп танылған жоба, жүйелерді өздерінің оқу-бағдарламаларына сыналай енгізіп, алғашқы тиімді нәтижелеріне қол жеткізе бастады. Бұл ретте, Жамбыл политехникалық жоғары колледжі жаңашыл бастама көшбасшыларының қатарында. Колледж жергілікті білім беру орындарының арасында біліктілігі, техникалық-базалық жаңашылдығы, педагогикалық жоғарғы құрамы жағынан алдыңғы шепте. Бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлау кез келген ұстаздың арманы. Ал, оны жүзеге асыру, жетістіктерімен мақтану екінің бірінің қолынан келе бермейтін ұлағатты іс. Политехникалық жоғары колледж ұстаздары осындай талап үдесінен шығуға барлық кезеңде атсалысып келеді.

Анна АХМЕТОВА,
Жамбыл политехникалық жоғары колледжі физика пәнінің мұғалімі

ШЕГІРТКЕДЕН ЗИЯН КӨП

Алматы облысында үйірлі шегірткелердің италиялық, азиялық және зиянды саяқ шегірткелердің бірнеше түрі кездеседі. Саяқ шегірткелер болжаммен сәуір айының екінші жартысында, ал таулы өңірлерде мамыр айының алғашқы онкүндігінде шыға бастайды.

Италиялық прус және азиялық шегіртке дернәсілдерінің шыға бастауы ауа райына байланысты мамыр айынан басталады. Мысалы, италияндық шегірткенің дернәсілдерінің шығуына қолайлы температураның орташа жиынтығы +100С жоғары көрсеткіштен алғанда барлығы 95 – 1200С тиімді температура жиынтығында шыға бастайды. Бұл зиянкестердің дернәсілдерінің өсіп-дамуы 25-30 күннен 35-45 күнге дейін созылады. Осы мерзім ішінде олар 4-5 рет түлеп, соңғы түлеуден кейін қанаттары толық жетіліп ересек шегірткелерге айналады.

Шегірткелермен күрес жұмыстары өңірімізде жылдар бойы кешенді түрде жүргізілген фитосанитариялық іс-шаралардың нәтижесінде зиянкестердің таралу аймағында ауылшаруашылық дақылдары мен жайылымдықтарда зияндылығына шектеу қойылып келеді.

Италиялық және азиялық үйірлі шегірткелерге қарсы күрес шаралары республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылып, сатып алынған пестицидтерді фитосанитарлық мониторинг деректеріне және қалыптасатын фитосанитарлық ахуалға қарай аумақтарға бөлу уәкілетті органның тиісті аумақтағы бөлімшелерді қалыптастырады. Ал зиянды саяқ шегірткелерге қарсы күрес шара-

лары жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Тиісінше саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитарлық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Алматы облысы бойынша 2023 жылға азиялық шегіртке бойынша – 19 760 га барлығы авиа өңдеуге жатады, италияндық шегіртке бойынша авиа өңдеу – 16 240 га, жер үсті техникамен өңдеу – 12 795 га жоспарланған. Барлығы – 48 795 га алқапта химиялық өңдеу жұмыстары жоспарланған. Саяқ шегірткелерге қарсы 28 080 га алқапта химиялық өңдеу жұмыстары жоспарланған. Оның ішінде авиа өңдеу – 17 064га, жер үсті техникамен өңдеу – 11 016га жерге жүргізіледі.

Қазіргі уақытта, шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес іс-шаралар жұмыстары нақтыланып, облысымыздың фитосанитарлық қауіпсіздігі тиісті мекемелердің бақылауында.

Б. АТАКУЛОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК

Алматы облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің басшысы

PIKIP

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЛАЙЫҚТЫ ТАҢДАУ

Мамандық таңдау әр адамның өміріндегі маңызды шешімдердің бірі екені сөзсіз. Өйткені, бұл таңдау өмір бойы қандай іспен айналысатыныңызды айқындап, болашағыңызға бағдар береді. Әрине, мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Мемлекеттік қызметші болғыңыз келе ме? Мемлекеттік қызметке қалай қабылдануға болады? Бұл сауалдарға жауап бермес бұрын алдымен мемлекеттік қызмет туралы қысқаша мәлімет берейік. Мемлекеттік қызмет бұл, ең алдымен, мемлекет саясатын жүзеге асыруға бағытталған кешенді қызмет, атқарушы билік органдары қызметшілерінің тәжірибелік қызметі.

Мемлекеттік басқару аясы сан түрлі, олардың әрқайсысы нақты бір салаға жауап береді: ауыл шаруашылығы, экономикалық даму, қаржы, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қорғау және қорғаныштық, көлік, байланыс және коммуникация, т.б. Мемлекеттік қызметшілердің сәйкесінше кәсіби жоғары білімі болуы қажет, нақты салада еңбек тәжірибесі болса құба-құп, азаматтардың мүдделеріне және мемлекеттің ішкі, сыртқы саяси бағдарын ұстана отырып, ел басшылығының алға қойған мақсаттарының орындалуына атсалысуы керек.

Мемлекеттік қызмет несімен қызықтырады? Бірінші кезекте, мемлекеттік қызметті таңдауға адамның жеке басы қасиеттерінің ерекшеліктері әсер етеді, бұдан кейін сыртқы факторлар, абыройлылық, тұрақты еңбекақы, жайлы жұмыс орны, әлеуметтік кепілдіктер. Жоғары оқу орындарының түлектері алғаш еңбек жолын мемлекеттік органдарда бастаса, бұл мансаптық өсуге сапалы негіз болатыны сөзсіз. Алайда, өмірлік әрі еңбек тәжірибесі аз жастар мемлекеттік қызметтің қаншалықты жауапты және ауқымды қызмет екенін түсіне бермейді. Кейде ата-анасының итермелеуімен, бұрмаланған түсінікпен мемлекеттік қызметке келген жастар жұмыстың ауыртпалығын көтере алмай, қызметтен шығып кетеді.

Мемлекеттік қызмет жай ғана сәнді киініп, әдемі кеңседе, тұрақты жалақы алып отыру емес, бұл күнделікті, қажырлы, тиянақты еңбек ету. Мемлекеттік қызметке бару үшін бірнеше іріктеу сатысынан өту қажет. Мемлекеттік органдарда бос лауазымдар пайда болған жағдайда конкурс жарияланады. Айта кету керек, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі құзыреттілік пен конкурстық іріктеуге негізделген мансаптық модельге көшті. Яғни, біріншіден, мемлекеттік қызметке бару төменгі лауазымдардан басталып, біртіндеп мансаптық жылжу арқылы жүзеге асырылады. Екіншіден, барлық мемлекеттік қызметшілерге жеке жұмыс жоспарлары бекітіліп, сәйкесінше тоқсан және жыл сайын бағаланатын болады. Нақтылап айтар болсақ, «Б» корпусындағы қызметшілерді бағалау кезінде бағалаушы ретінде тікелей басшы, бағынысты қызметкерлер және әріптестер қатысады. Сондай-ақ, басшыны бағалауда тек басшылардың пікірі ғана емес, әріптестер мен қоластындағы бағынысты қызметкерлердің де пікірі ескеріледі. Тағы бір ескеретін жайт, аталған бағалау нәтижелері еңбекақының көлеміне тікелей әсерін тигізеді. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағытта жүйелі түрде жұмыс істеуі бүгінгі күннің талабы болмақ.

С.ҚАБДОЛОВ,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының аға сот приставы

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Атырау облыстық сотында «Жазбаша іс жүргізу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға алқа және МАӘС судьялары, адвокаттар, заңгерлер, әкімдік, Жер қатынастары басқармасы, Сәулет және қала құрылысы басқармасы, Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы өкілдері, мемлекеттік кірістер органдары, ЖСО қатысты.

ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУ ТИІМДІ

– Статистикаға сәйкес, 2022 жылы республика бойынша 25 505 іс қаралды, оның ішінде жазбаша іс жүргізу тәртібімен – 479 іс қаралған. Жазбаша іс жүргізу бойынша ең көп істер СҚО – 103, Алматы – 83, БҚО – 43 іс қаралған, ал Атырауда барлығы 1 іс қаралды. Бүгінгі ұсынылған алаң жазбаша іс жүргізудің ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы айтуға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, біздің өңірде бұл процессуалдық норма іс жүзінде жүзеге аспай отыр. Мұның себептері де бүгін талқыланады, – деп атап өтті әкімшілік алқа төрағасы Анаргүл Салихова.

Абдолов процеске қатысушылардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік беретін жазбаша іс жүргізудің тиімділігін атап өтті.

Жазбаша іс жүргізуде оның күрделілігіне қарамастан кез келген іс қаралуы мүмкін. Істер ауызша іс жүргізу тәртібімен бірдей мерзімде қаралады. Әкімшілік іс тараптарды сотқа шақырмай қаралады. Тараптың өтініші, соттың қарауы бойынша ауызша талқылауға көшуге болады. Шешімге апелляция, кассациялық сатыға да шағым келтіруге болады. Шешім ӘРПК-нің 24-тарауының тәртібімен қабылданады.

МАӘС судьясы Нағима



Искакова «Әкімшілік істерді жазбаша өндірісте қарау барысында туындайтын мәселелер» тақырыбында баяндама жасады. Ол ӘРПК-нің 148-бабына енгізілген өзгерістерге назар аударып, дәлелдемелерді зерттеу ерекшеліктерін атап өтіп, биыл жазбаша іс жүргізу бойынша 3 іс қаралғанын айтты.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша алқа төрағасы қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, қолданыстағы заңнамаға сәйкес

түсіндірме жасады. Сонымен қатар, 2023 жылғы 27 наурызда заң қабылданғанын, оған сәйкес бірқатар заңнамалық актілерге, оның ішінде ӘРПК-нің 91, 138-баптарына өзгерістер енгізілгеніне назар аударды. Қандай жағдайларда әкімшілік органның қарсы пікіріне жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының дәлелді ұстанымын ұсыну қажет екенін айтты.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ЦИФРЛАНДЫРУ

ВИРТУАЛДЫ СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сот жүйесі қызметіне заманауи ақпараттық технологиялардың енуі – халықтың сот қызметіне барынша қолжеткізуді қамтамасыз ету үшін негізгі міндеттердің бірі. Осындай бағыттардың бірі бейнеконференция байланысы арқылы сот отырыстарын қашықтықтан өткізу мүмкіндігі үшін сот отырыстары залдарын дыбыс-бейне тіркеу жүйелерімен жабдықтау болып табылады. Әкімшілік құқықбұзушылық, қылмыстық және азаматтық істерде дыбыс-бейнежазба құралдарын сотта нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады, соттар жұмысын оңтайландырады, сот ісіне қатысушылардың қаражатын және бюджетті үнемдейді, сот отырысы хаттамасының сапасын арттырады,

сот төрелігінің ашықтығы мен айқындылығының деңгейін арттырады. Республикамыздың барлық өңірлері соттарының сот залдары бейне-дыбыс жазу құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Сот отырысы басталар уақытта сот отырысының хатшысы залдағы құрылғылардың алдын ала сот отырысына дайын екендігін тексеріп, кейін бейне-дыбыс жазбасын алдындағы компьютермен қосу арқылы іске асырады. Қашықтықтан өтетін сот отырысы ғана ерекшеленеді. Оның үстіне қазіргі заманда сот процестерінің онлайн өтуі адам денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сот процестерін онлайн түрде өткізу сотқа және тараптарға ыңғайлы түрлі ақпараттық желілер арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар, тараптар Сот кабинетіне кіріп, процестің дыбыс-бейне материалдарымен таныса алады. Заманның талабы электронды түрде жұмыс жасауға алып келуіне байланысты, сот жүйесі де ағымға ілесіп, қызметіне ақпараттық технологиялар жүйесін енгізді. Азаматтардың уақытын үнемдеуге және сот саласы қызметкерлерінің жұмыс сапасын арттыру үшін қолайлы жүйені бүгінде көкірегі ояу жастар мен еңкейген кәріге дейін меңгеріп келеді.

Малика КЕНЖЕБАЕВА,
Орал қаласының құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

10. «Шығыс» ауылдық өндірістік кооператив» ұйымы, БСН 170240025372 өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Тасқарасу ауылы, Емелев көшесі, №77. Тел.: 87762421901.

11. «Алатау-К» несие серіктестігі» ЖШС, БСН 160240003815, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Кулқашев көшесі, 79 үй, тел. 87773171219.

12. «ZE`s» ЖШС, БСН 230140042659, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, №24 үй, (офис) 21 пәтер, тел. 87785108118.

4. «Корғау-Кузет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 090640014790 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 28/1.

ӘРТҮРЛІ

2. «СМ Қазақстан» ЖШС БСН 010940009939 жарғылық капиталының азайғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауд. Дінмұхамед Қонаев көшесі, 23/1үй.

3. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлкті сату бойынша аукциондар өткізеді. Өтетін орны: Астана, А.Кравцов көшесі, 6. Өткізілетін күні: 10.04.2023 - 20.04.2023. Анықтама телефоны: +7 775 371 29 69 Аукционға қойылған жылжымайтын мүлік тізімімен lombardkz.kz сайтында танысуға болады. Лиц. 01.21.0009Л.

7. «Ломбард Евразия Плюс» ЖШС (БСН 120340018245) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының (№02.21.0027.Л., 19.03.2021 ж.) қолданылуын ерікті түрде тоқтату үшін құзырлы органға жүгінетіні туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жамбыл көшесі, 13 үй, н.п. 54. Тел.: 87089086641.

8. «Микрофинансовая организация «Алмаз Пайда» ЖШС, БСН 110840015465, микроқаржы қызметін (микроқаржы ұйымының қызметін) жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде жүгінетіні туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі 10.21.0001. М, 27.01.2021 жылы берілген.

9. Осы арқылы «РЕМСТРОЙТЕХНИКА» акционерлік қоғамы (БСН 940840000767, Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Қазық ауылы, Промзона, 15 учаске, тел.: +7701279128, 8(727)2994384, office@ao-rst.kz, lawyer@ao-rst.kz, www.ao-rst.kz) 2023 жылғы 31 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдағанын хабарлайды: «5.05.2023 ж. сағат 14.00-ге акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мына мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Қазық ауылы, Промзона, 15 учаске. Акт залына шақырылсын. Егер кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілмесе, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 6.05.2023 ж. сағат 14.00-де сол мекенжай бойынша өткізілсін. Күн тәртібінде: 1) Жарғыны жаңа редакцияда бекіту; 2) алдыңғы Директор кеңесінің өкілеттілігін тоқтату; 3) және Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау; 4) Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау; 5) Директорлар кеңесінің құрамын сайлау; 6) Атқарушы органды тағайындау; 7) Атқарушы органның өкілеттік мерзімін айқындау; 8) Ішкі аудит қызметі мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату.

13. «Микрофинансовая организация «Орал» ЖШС микроқаржы қызметін жүзеге асыруға 9.03.2023ж. берілген №07.21.0002М лицензиясының қызметін тоқтатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Елизаров көшесі, 48, кеңсе 302, тел.: 87015133567.

МҰРАҒЕРЛІК

5. 30.09.2022 ж. қайтыс болған Атабекова Жумакулдің атынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288 мекенжайы бойынша нотариус Ш.А Тилеубергенова хабарласуы қажет. Тел.: 87755080642.

6. 20.10.2022 ж. қайтыс болған аз. Кыдырбаев Дархан Аухсановичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.
ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы, басы өткен сандарда)

10. Күдіктімен ресми кездесу

Бұлар аудандық ішкі істер бөліміне келгенде сағат тілі таңғы 8-ді көрсетіп тұрғанына қарамастан жиналғандар қарасы аз емес екен. Орынбек олардың ешқайсысын танымады, олардың да мұны тани қоймағаны анық. Нұрлан мен Қазыбек уақытша ұстау абақтысына бағыт алды, Асқар жоғары қабаттағы бөлме дайын болғанын хабарласымен Сағадатты сонда апармақ.

ҚАРА АҒАШ ТҮБІНДЕГІ ОҚИҒА

(Хикая-детектив)

абыржыта бастады.

— Ореке, Тұрғанбай келді. Не істейміз? — Тұрғанбайды бүгінше қайтара бер. Ертең 11-де беттестіруге алып келерсіңдер. Негізі ол бір дұрыс азамат қой... — А-а-а-й-й-й... Сағадат екі қолымен басын қыса ыңырсыды. — Сәке, не болды? Бұл ананың тығырыққа тірелгенін түсінді.



өлтірген адамды түсінде мазалайтынын түсіндік. Сіздің де ұйқыдан қалғаныңызды сезіп отырмын. — А-а-й-й-й... Айтпа...тоқта... Темекі тартайыншы.

Ол қолы дірілдеп темекі тұтатты, қомағайлана жұтып, түтінін сыздықтата шығарды, ұзақ ойланды. Сонан соң барып тістене сөйледі.

— Тұрғанбай да сау сиырдың боғы емес. Одан жауап алған шығарсыңдар. — Иә.

— Маған жауып жатқан шығар? — Шындығы сол емес пе?! Ол тек шындықты айтты.

— Мана Мәкендер бірден әкелген сияқты еді, тамақ жібітіп алсам... — Жок, болмайды. Тек жауап алу біткесін ғана ораламыз ғана.

— А-а-й-й-й... Бітті...Бітті... Жалтарғанда қайда барам. Барар жер қалмады ғой... Жауабыңды ала бер. Өлмесің... Қашанғы шыдаймын бұл азапқа... Айтатын... Бәрін де айтатын.

Қорғаушының қатысуымен алынған жауапта Сағадат Ордабекті қалай өлтіргенін баяндап шықты. Барлығы бейнетаспаға жазылып, хаттамаға түсірілді.

— Сәке, үйден алдыратын керекті заттарыңды болса мына қағазға жазып беріңіз, мен ертең алдырып берейін. — Мен айтып отырайын, өзің жаза берсейші.

— Өзіңіздің жазып бергеніңіз дұрыс. Бұл үйдегілер үшін сенімдірек болады ғой. — Иә, солай екен-ау.

Солай, дегенмен ол біраз ойланyp қалды, сірә, өз қолымен жазғаны екінші рет алдынан шықпаса екен — деп қауіптенсе керек, бірақ басқа амалы жоқ еді, керекті заттарын қағазға жазып берген соң, оны кезекші камераға алып кетті.

Орынбек бұл қағазды жаздырып алғанда осы арқылы іске қатысты куә болып отырған Тұрғанбайға ықпал жасауды көздеген еді. Осыны күткендей жедел уәкілдер Тұрғанбайды алып келді. Көзі адырайып кеткен Тұрғанбай дау сала келді. Сөзінен бұған дейін біреулермен ақылдасып алғаны байқалады. Өктем сөйлесем, сөйтіп ықтырып алсам деген ойы болса керек.

— Ал, келдік. Бұл не деген масқара! Ертең ел-жұрт не дейді? Тұрғанбайды мілтісалар ұстапты деген сөз Жаңақорғанның ана шеті мен мына шетіне жеткен шығар. Репрессияның заманы емес, бізде де таныс, туыс бар. Жазамыз керек болса ООН-ға дейін. Енді қатын-баланы, ағайын-туыстың бетіне қалай қараймыз? Маған моральның өшербіткі кім төлейді, сен бе, әлде сен бе? — Отырыңыз. Сіз байбалам салатындай ештеңе жоқ. Бір іске байланысты куә екенсіз.

— Менің аты-жөнім — Асылбаев Орынбек. — Мен ештеңе білмеймін. Ештеңе көрген жоқпын. — Мен сізден әлі сұраған жоқпын ғой. Шамасы бүгін жүрген бір оқиғаныз бар-ау, сірә? — Жо-о-қ! Мыналар ғой...Ордабектің өліміне қатысты көргеніңізді айтасыз деп... Сосын мен... — Бұл жасырынбақ ойнайтын жағдай емес. Енді шындықты айтасыз. Біз тек кей нәрселерді анықтау үшін сізді шақыртып отырмыз.

— Онда кете берейін бе? — Неге кетесіз?! Міне, Сағадаттың үйінен алдырмақ болған заттарының тізімі, қараңыз, өз қолымен жазған. Дос адамсыздар ғой, осыны жеткізіп беріңіз. Ол Ордабекті өлтіргенін мойындап, барлық құжатқа қол қойды, сіз аса қорықпай-ақ қойыңыз.

— Неге қорқады екем? Оларда «Алты аласы, бес бересім жоқ».

— Менің уақытым өте тығыз. Сіздің жырыңызды тыңдап отыра алмаймын. Қаласаңыз жауап беруден бас тартатын деп жазып беріңіз. Бірақ онда біз мәселеге басқа қырынан келеміз.

— Ол не қылған басқа қыр тағы? — Сағадат Ордабектің қалтасындағы бобыраған жиырма бес сомдықтарды сіз алды деп көрсетті.

— Ойнама бала...Отпен ойнама, Сәкең олай айтуы мүмкін емес. — Бұл ойын емес, Түреке! Тағы айтамын. Дұрыстап тыңдаңыз! Сіздің барлық жауабыңыз видеотаспаға жазылууда. Сондықтан көп бұлтатпаңыз. Сағадат сіз Ордабектің қалтасын қарап жатқанда ол әлі тірі еді деді. Егер бұл дәлелденсе, сіз соучастник ретінде жауапқа тартыласыз. Сіз жәбірленушіге көмек берудің орнына, дәрігер шақырудың орнына оның өлуіне жағдай туғызғаныз.

— Не дейт? Ойбай-ау...ойбай-ау, мен барғанда ол өліп қалған ғой, тіпті қолы да мұп-мұздай... О несі-аи маған... — Міне, көрдіңіз бе, өзіңіз барлығын айтып отырсыз. Оқиғаны көргеніңіз, Ордабектің қасына барғаныңыз, оның қалтасынан бобырағын ақшаларды алғаныңыз рас қой. Яғни, Сағадат шындықты айтқан. Сіз де барлығын айтыңыз, ертең кеш болады. Біз Сағадатпен сізді беттестіреміз, міне сонда әңгімелерінде алшақтық болса... онда жалған айтқан адам заң алдында жауапты болады, білесіз. Біздің білетініміз сіздің қылмысты жасырғаныңыз. Қылмыскермен ауыз жаласып, мүмкін мол ақша алып кісі өлімін жасырдыңыз. Ал марқұмның жесірі, бала-шағасы анау шұлап отырған. Сіздерде адамшылық деген сезім бар ма осы?

— Ойбай-ау...ойбай-ау... Мен не істеймін?! Жақ ашсаң өлтіремін деп отыр. Бармауым керек еді сол жерге. Шайтан ертіп барды ғой...Барғасын... анау түр әзірейілдей діңкілдеп... Мен қатты қорықтым. Одан бәрін күтуге болады... — Міне, біз барлығын хаттамаға түсірдік. Оқып шығыңыз. Келіспейтін жеріңіз болса — айтыңыз. Келіссеніз — қол қойыңыз.

Тұрғанбай хаттамаға қол қойды. Арасында өзінің қорқынышта күн кешкенін айтумен болды. Оны Жаңақорғаннан ешқайда кетпеу туралы қолхатпен үйіне жіберген Орынбек өзін күтіп тұрған Қазыбек пен Нұрланның жанына келгенде сағат түнгі үш болған еді. Жігіттердің қабағы ашыла бастапты. «Алла-ай, әйтеуір бұл істі бітіретін болдық қой, Ореке. Сағадаттың жауабынан кейін неге екенін насыбай атуым көбейіп кетті», — деп жымынсы Қазыбек.

— Тұрғанбайды подраписка жібердім. Барлығын айтты. Куәлар жеткілікті, енді тек жауапты оқиға орнында бекіту үшін тергеу әрекетін жасау қалды. Ертең ертерек келейік. Начальник машина тауып берсе бергені, тауып бере алмаса бір таблетка «УАЗ» тауып алсақ дұрыс болар еді. Біраз адамбыз ғой.

— Иә. Одан қам жеме. Көлік табылады. Бірақ, әуелі бастықты байқайық. Олар тағы да өздері «штаб» атандырып үйге бет алды. Көше тас қараңғы, машина жарығынан көше толы судан бу көтеріліп жатқан сияқты көрінеді.

12. Оқиға орнында болғанда

Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметке түстен кейін келді, беті сіңкіреген, үстінен өткір әтір ісі аңқыған ол қабылдау бөлмесінде отырған Орынбек, Қазыбек, Асқарды көріп «кабинетке кірейік!» дегенді сездіре қолымен белгі берді. Бұл кезде бастықтың басы әңкі-тәңкі болып тұрған, «Осы тергеуші келеді!» дегеннен мазасын ала бастаған осындағы әкімдіктері, кәсіпкерлері, ардагерлері бар, Ақмешіттен телефондап зіңкілдеп отырған бірнеше лауазым-

ды тұлғалар бар мұны шаршатқан еді. Шаршамай қайтеді, олардың айтқанын істесе — заң бұзылады, қызметіне, келешегіне қауіп төнеді, істемейін десе — аналар да осал жау емес, түрлі бәлені ұйымдастыруы мүмкін. Оның үстіне кеше түнде Сағадатты тағы да уақытша ұстау абақтысына әкеп қамағанын естіді. «Мұның мына қиқар тергеуші кеп жатқанда топ ете қалғанын айтсаышы, бір бәле болып кетпесе болар еді».

— Бұл бір таусылмайтын жыр болды-ау. Ананы тағы әкесіңдер ғой. — Иә, Қабеке. Жігіттер алып келіпті. — Не дейді, жауап алдың ба, бұрынғы құжаттармен таныстың ба?

— Таныстым да, жауап та алдым, Әнесұлын өлтіргенін мойындап отыр. Енді жауапты оқиға орнында бекіту үшін көлік берсеңіз жақсы болар еді.

— Ма — ла — дес...Бәріне үлгіріпсің, ә? Өзің демала алдың ба? — Рақмет. Бұл жақта демалмау мүмкін емес қой.

— Жарайды. Бізде көлік жағы қиындау. Менің «Уазыма» барлығын тиеп алыңдар да, барып қайтыңдар.

— Қабеке, маған көлік кемінде екі күнге және таңертең түске дейін керек.

— Паһ деген! Ондай жағдайды мен жасай алмаймын, айналмайын-ау, бұл сенің қалаң емес, соны ұққың.

— Қабеке, іс қиын, солай істемесек болмайды.

— Ертең таңертең көлік өзіме керек, түстен кейін көлік босағасын ертеңгі тергеу әрекетін кешке дейін «қағып тасамайсың» ба?

— Болмайды, Қабеке! Себебі оқиға 1-Май ауылының батыс бетінде болғандықтан бейнетаспаңыз сапасы дұрыс болуы, яғни тергеу әрекетінің дұрыс болуы үшін күннің шығу бағытын ескеруім керек.

— Бала! Мен де тергеуші болғанмын. Оны маған несіне айтып отырсың?

— Сіздің тергеуші болғаныңызды білгеніңіз іс жайын түсінді деп айтып отырмын. Оған қоса УПК-ның талабы бойынша оқиға болған жерде бірнеше адамның айғақтарын бір уақытта тексеру мен нақтылауға жол берілмейді — деп атап көрсетілген.

— УПК-ны біз де білеміз. Сені қиқар деуші еді, тошы солай екенсің ғой. Үлкенге уважение деген болу керек қой. Менің жасым да, шенім де, органдағы стажым да, қызметім де сенен үлкен екенін білесің бе?

— Әрине, Қабеке! Осының барлығын сізге деген құрмет болғандықтан баяндап отырмын. Сізге де, маған да тергеудің нәтижелі болғаны керек емес пе? Оның үстіне, маған екі күнге кемінде алты адам керек, олар тергеудің нәтижесіне мүддесіз болуы қажет және маған 101-мен байланысып отыратын телефон керек.

— Им — м... Да-а. Жарайды, ертеңгі ерте келіңдер. Мен жоғары жақпен хабарласайын. Ал, Ертаев сен неғып жүрсің?

— Қабеке! Сіздің бұйрығыңызды орындаудамын.

— Ол қандай бұйрық? Бастықтың көзі шатынап кетті.

— Ақмешіттен келген важняқтың қасында бол, көмек көрсет, біздегі тергеушілер бос емес. Өлсеп сіз, тірілесің бе, білмеймін, соның тапсырмасын орында — деп бұйрық бердіңіз ғой маған.

Бастық бейне қылғынып бара жатқандай галстугін босатты.

— А?... Қай кезде? Қай жерде? — Асылбаев осында келген күні, кешкі сағат 10-да «Баршын» кафеесіне шақыртып алып, бұйрық бердіңіз ғой, қасыңызда сот төрағасы бар...

Бастықтың сұлқ түскені даусынан да аңғарылғандай

— Ә — ә... Иә...иә... Дұрыс. Бұйрықты орында!

— Құл болады! Үшеуі сыртқа шықты. Қазыбек ерекше куанышты.

— Не болды Қазеке? — Ореке, 101-ді айтқаның дұрыс болып кетті, көзі бақырайып, біраз үнсіз қалды ғой. Сосын өсектің пайдасын көргеніме мәз болып келемін, қой, бір рет насыбай айтып жібермесем болмас.

— Ол қандай өсек? Қандай пайда? — Құдай аузыма салды...Мені өлтірсін бе... Сендер «Нұржолға» кеткен түні біздің бастық райсот екеуі «Баршын» кафеесіндегі кабинада отырып, біраз сілтепті, соттың шофері бастығын әзер машинаға мінгізіпті дегенді естіем ғой.

Мен осы РОВД-ның адамымын, анау тікелей бастығым, жана «Неғып жүрсің?» деген кезде «Құрыдым!» деп ойлады, содан әлпі есек есіме түсе кеткені, соны пайдаланып «Өзіңіз бұйрық бердіңіз» — деп едім отырды да қалды. Өздерің көрдіңдер ғой. Мені шақырған — шақырманын ол тіпті білмейді де екен, қатып кеткен жоқ па, ә, жігіттер?

Ертеңіне ертемен тергеу әрекеті Сағадаттың айтуымен оқиға болған жерді тексеру арқылы нақтылаудан басталды.

Алдажар ӘБИЛОВ (Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнур СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: City and Name. Rows include Astana (Айша Құрманғали), Almaty (Нұрбол Әлдібаев), Aktobe (Жансая Есмағанбетова), Atyrau (Боранбай Ғалиев), Mangystau (Жазира Әбіл), Qyzylorda (Гүлбану Мақажан), Turkestan (Сейітхан Құлмаханбетов), Batis Kazakhstan (Шадияр Мекенбайұлы), Batis Kazakhstan (Нұрлыбек Рахманов).

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үйі. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5515 дана Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №49 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпа жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31